

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 223 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы әділет департаментінде 2013 жылғы 6 мамырда № 3285 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 7 маусымда № 307 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 07.06.2013 № 307 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г. М. Кульжановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *М. Унгарбеков*

А у д а н ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 с ә у і р д е г і № 2 2 3
қаулысымен бекітілген

**"Екінші және үшінші разрядтар,
бірінші, екінші және үшінші
жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі
жоғары және орта деңгейдегі екінші
санатты жаттықтырушы, біліктілігі
жоғары деңгейдегі екінші санатты
нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары**

**және орта деңгейдегі екінші санатты
әдіскер, спорт төрешісі спорттық
разрядтары мен санаттарын беру"
мемлекеттік қызмет
регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызметі регламенті (бұдан әрі - Регламент) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабының 4 тармағына сәйкес жасалған.

2. "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтердің автоматтандырылуын және халыққа қызмет көрсету орталықтары қызметтерінің үйлестірілуін бақылау жөніндегі комитетінің "Халыққа қызмет көрсету" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Батыс Қазақстан облысы бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы" филиалының Зеленов аудандық бөлімдері (бұдан әрі – орталық) арқылы "Зеленов ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесімен көрсетіледі (бұдан әрі - уәкілетті орган).

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 шілдедегі "Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі, дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" № 981 қаулысы негізінде ұсынылады (бұдан әрі - С т а н д а р т) .

5. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің www.mts.gov.kz, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде, "Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының www.con.gov.kz интернет-ресурстарында, мемлекеттік қызмет ұсынылатын жерлерде уәкілетті органның стенділерінде орналасқан.

Уәкілетті органның мекен-жайы: Батыс Қазақстан облысы, Зеленов ауданы, Переметный ауылы, Гагарин көшесі, 62а, телефоны: 8(71130)23423.

Орталықтардың мекен-жайлары: Батыс Қазақстан облысы, Зеленов ауданы, Переметный ауылы, Гагарин көшесі, 69б, телефондар: 8(71130)23615, 23616.

Батыс Қазақстан облысы, Зеленов ауданы, Дариян ауылы, Балдырған көшесі, 27/1, телефондар: 8(71131)24080, 24081, 24082.

6. Мемлекеттік қызмет спорттық разрядтары мен біліктіліктерін ресми тану мақсатында жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға, спортшыларға және спорт төрешілеріне (бұдан әрі - алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет нәтижесі қағаз жеткізгіште 5 жыл мерзімге спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрықтан үзінді көшірме не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысандағы дәлелді жауап болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі алушы жүгінген сәттен бастап күнтізбелік 30 күннен аспайды (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға бір күн қалғанда ұсынады);

2) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтудің жол берілетін ең көп уақыты 20 минуттан аспайды;

3) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең көп уақыты 20 минуттан аспайды.

9. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

10. Уәкілетті органда жұмыс кестесі демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 9.00-ден бастап 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.00-ге дейін.

Орталықтың жұмыс кестесі жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден сенбіні қоса алғанда, 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзіліссіз.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз "электронды"

кезек тәртібінде жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызмет алушының тұрғылықты жері бойынша орталықтардың ғимаратында көрсетіледі. Залда анықтамалық бюро, күту үшін арналған орындықтар, толтырылған бланкілердің үлгілері бар анықтамалық стендтер орналасады. Ғимаратта мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдайлар (күтуге арналған орындықтар, стенділер) көзделген.

Спортшыны спорттық атаққа, разрядқа ұсыну үшін құжаттар уәкілетті органдарға және орталықтарға тиісті норматив немесе талап орындалған сәттен бастап алты ай ішінде жіберіледі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекет (өзара іс-қимыл) тәртібін сипаттау

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушылар Стандарттың 11 тармағына сәйкес құжаттарды тапсырады.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттар тапсырылған кезде алушыға мыналар көрсетіле отырып тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі:

- 1) сұрауды қабылдау күні мен нөмірі;
- 2) сұрау жасалған мемлекеттік қызмет түрі;
- 3) қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;
- 4) құжаттарды беру күні (уақыты) мен орны;
- 5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған орталық қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;
- 6) алушының тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары.

14. Стандарттың 16 тармағында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) қатысады:

- 1) орталықтың инспекторы;
- 2) уәкілетті органның маманы;
- 3) уәкілетті органның басшысы.

16. Әр әкімшілік әрекеттің (рәсімнің) орындау мерзімін көрсете отырып, әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (рәсімдерінің) өзара әрекеттестігі мен реттілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламентке 1 қосымшада көрсетілген.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде әкімшілік әрекеттердің логикалық реттілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты көрсететін сызбалар осы Регламентке 2 қосымшада берілген.

4. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

18. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

Екінші бірінші, жасөспірімдік біліктілігі деңгейдегі жаттықтырушы, жоғары санатты біліктілігі деңгейдегі әдіскер, спорттық мен мемлекеттік регламентіне 1 қосымша	және екінші жоғары деңгейдегі жоғары екінші спорт санаттарын	үшінші және және және және және және	разрядтар, үшінші разрядтар, орта санатты біліктілігі екінші нұсқаушы-спортшы, орта санатты төрешісі разрядтары беру" қызмет
--	---	--	---

Әр әкімшілік әрекеттің (рәсімнің) орындау мерзімін көрсете отырып, әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (рәсімдерінің) өзара әрекеттестігі мен реттілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы

№ іс-әрекет (барысы, жұмыс ағыны)		
Қ Ф Б - 1 Орталық инспекторы	Қ Ф Б - 2 Уәкілетті органның маманы	Қ Ф Б - 3 Уәкілетті органның басшысы
№ 1 іс-әрекет	№ 1 іс-әрекет	

Құжаттарды қабылдайды, тіркейді және қолхат береді	Құжаттарды тексеру. Уәкілетті органның басшысына құжаттарды дайындау және жолдау	№ 1 іс-әрекет Ұсынған құжаттарды қарастыру. Спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрығына немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту дәлелді жауабына қол қою
№ 2 іс-әрекет Құжаттарды уәкілетті органға жібереді	№ 2 іс-әрекет	
№ 3 іс-әрекет Алушыға уәкілетті органнан спорттық разряд немесе санат тағайындау бұйрықтан үзінді көшірме немесе мемлекеттік қызметті тағайындаудан бас тартқаны туралы дәлелді жауапты береді	Спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрықтан үзінді көшірме не мемлекеттік көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты әзірлеу. Дайын құжаттарды орталыққа жолдау	
<p>О р ы н д а у м е р з і м і :</p> <p>1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі алушы жүгінген сәттен бастап күнтізбелік 30 күннен аспайды (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға бір күн қ а л ғ а н д а ұ с ы н а д ы);</p> <p>2) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтудің жол берілетін ең көп уақыты 20 минуттан аспайды;</p> <p>3) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең көп уақыты 20 минуттан аспайды.</p>		

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі екінші санатты біліктілігі нұсқаушы-спортшы, деңгейдегі жоғары және орта әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламентіне

2 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде әкімшілік әрекеттердің

**логикалық реттілігі мен ҚФБ арасындағы
ара байланысты көрсететін сызба**

